

Қостанай облысы әкімдігі
Денсаулық сақтау басқармасының
«Қостанай облыстық психикалық
денсаулық орталығы» КМК
Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл саясатына
№1 қосымша

Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК әкімшілік-басқару персоналы мен инженерлік-техникалық персоналдың (бұдан әрі - Кәсіпорын) әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, сыбайлас жемқорлық көріністеріне құқықтық сауаттылық пен нөлдік төзімділікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін орнату болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) кәсіпорын қызметінде жеке және заңды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;

2) кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісінше орындамағаны үшін кәсіпорын қызметкерлері дербес жауапты болады.

Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде міндетті:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болуға;

2) адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

5) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

6) кәсіпкерлік және табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кез келген адамға көмек көрсету үшін Заңға қайшы келетін және серіктестік мүдделеріне қайшы келетін әрекеттерді жасамауға;

7) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

8) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеу;

9) өз функцияларын және қызметтік міндеттерін орындағаны үшін сыйақыны, оның ішінде заңды және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшаны, қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қабылдамауға;

10) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

11) жеке және заңды тұлғаларға «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңда көзделген ақпараттан бас тартпау;

12) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

13) лауазымдық жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеу;

14) Қоғамның құзыретіне жататын мәселелермен жүгінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

15) жеке мәселелерін шешу кезінде және т.б. ұйымдардың, кәсіпорын қызметкерлерінің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау

16) заңдылық қағидатын басшылыққа алуға, ҚР Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға.

Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) өз лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

3) белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік туралы дереу басшылыққа хабарлау;

4) әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық 10 бермеуге және мүліктік игіліктерді, жеңілдіктерді немесе артықшылықтарды алу үшін ресми емес қызметтерді көрсетпеу;

5) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындаудағы жеке мүдделердің, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге бейімділігінің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлауға;

6) жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеуге, қызметтік міндеттерін орындауда олардың ықпалына тәуелсіз болу;

7) орындауға қабылданған бұйрықтың заңдылығына күмәнданатындығы туралы тікелей басшыға дереу жазбаша хабарлау;

8) жасалған немесе жасалатын сыбайлас жемқорлық әрекеті туралы басшылыққа дереу баяндау;

9) қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты белгілеу;

10) мүдделер қақтығысын болдырмауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жоюға шаралар қабылдауға;

11) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысы болса, жоғары тұрған басшылыққа хабарлау;

12) бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

13) өз қызметінің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелеу мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілікті көрсету;

14) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

15) өз қызметінің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелеу мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілікті көрсету;

Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

1) ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз ескеру қажет;

2) әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс;

3) ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында кәсіпорынның және өзге де заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзуға жол бермеу;

4) ішкі нормативтік құжаттардың жобалары кәсіпорын құзыретінен тыс болмауы тиіс;

5) басқа құрылымдық бөлімшелердің мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;

6) ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

7) ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеу.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға ұсынылады:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге

3) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

Кәсіпорын қызметі саласында туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

1) өтініштерді қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қараудағы қағазбастылыққа және жалған ақпарат беру фактілеріне жол бермеу;

2) жеке мүлктік және мүлктік емес заттарды алу үшін қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбау;

3) дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

4) туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

5) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметкерлермен не тәуелді адамдармен ақшалай немесе өзге де мүлктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

7) іскерлік этика кодексін сақтау;

8) кәсіпорын басшылығына және (немесе) құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлау;

9) Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

10) Кәсіпорын қызметкерлерін қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;

11) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қарауға және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

12) кәсіпорын басшыларының тапсырмаларын, лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

13) кәсіпорын қызметкерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеу.

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау.

Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.